

**Ақшұқыр ауылы бойынша салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасын және базалық салықтық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 7/47 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 03 қазанда № 2165 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 10/84 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 17.03.2017 № 10/84 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 15.03.2016 № 39/270 шешімімен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 20 маусым 2003 жылғы № 442 Жер Кодексінің 8 ,11-баптарына, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 387-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. № 1 және № 2 қосымшаларға сәйкес Ақшұқыр ауылы бойынша салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және базалық салықтық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 15.03.2016 № 39/270 шешімімен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 29.10.2015 № 34/233 шешімімен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түпқараған ауданы бойынша  
салық басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы

Ж. Утепбергенова

12 қыркүйек 2012 жыл

"Түпқараған аудандық жер  
қатынастары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы

М. Досжанов

12 қыркүйек 2012 жыл

Түпқараған аудандық мәслихатының  
2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 7/47  
шешіміне  
№ 1 - қосымша

**Ақшұқыр ауылы бойынша салық салу мақсатында аймақтарға бөлу  
схемасы  
масштаб 1:100 000**

Ескерту. 1-Қосымшада "селосы", "селолық", "селолық округінің", "селолық округтерінің" деген сөздер "ауылы", "ауылдық", "ауылдық округінің", "ауылдық округтерінің" деген сөздермен ауыстырылды – Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 29.10.2015 № 34/266 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз)

Түпқараған аудандық мәслихатының  
2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 7/47  
шешіміне  
№ 2 - қосымша

**Ақшұқыр ауылы бойынша базалық салықтық мөлшерлемелеріне түзету  
коэффициенттері**

Ескерту. 2-Қосымшада "селосы", "селолық", "селолық округінің", "селолық округтерінің" деген сөздер "ауылы", "ауылдық", "ауылдық округінің", "ауылдық округтерінің" деген сөздермен ауыстырылды – Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 29.10.2015 № 34/266 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 15.03.2016 № 39/270 (

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

| Аймақтар | Аумақтық әкімшілік бірліктер  | Түзету коэффициенті |
|----------|---|---------------------|
| I        | Қоғамдық-іскерлік және тұрғын жай массиві. Теңіз жағалауы. Ақшұқыр ауылының жеке тұрғын үй құрылысына арналған тұрғын жай массиві. Ақтау қаласы Халықаралық әуежайынан радиусі 1 километр жердегі аумақты қамтитын тұрғын жай массиві | 1,5                 |
| II       | Өндірістік аймақ  | 1,5                 |
| III      | Жаңадан салынатын қоғамдық-іскерлік және тұрғын жай құрылысына арналған аймақ   | 1,4                 |
| IV       | Резервтегі аймақ  | 1,3                 |

## Аймақтардың сипаттамасы

I аймақ – қоғамдық - іскерлік және тұрғын жай аймағы.

Шекарасы: Аймақ екі бөліктен тұрады. Оның бірінші бөлігі батысында Каспий теңізінің жағалауымен, солтүстігінде Сайын Шапағатов ауылдық округінің жерлерімен, оңтүстігінде Ақшұқыр ауылдық округінің жерлерімен, шығысында "Ақтау - Форт-Шевченко" автомобиль жолымен 200 метр оңға қарай шектеседі. Екінші бөлігі Ақтау қаласы Халықаралық әуежайынан радиусы 1 километр жердегі аумақты қамтиды.

II аймақ - өндірістік жерлер.

Шекарасы: Аймақ оңтүстік – батысында "Ақтау – Форт - Шевченко" автомобиль жолымен 200 метр оңға қарай, солтүстік шығысында Мұнайлы ауданының жерлерімен және I аймақпен, шығысында II, IV аймақтармен шекараласады.

III аймақ – жаңадан салынатын қоғамдық-іскерлік және тұрғын жай құрылысына арналған аймақ.

Шекарасы: Аймақ батысында "Ақтау – Форт - Шевченко" автомобиль жолымен 200 метр оңға қарай, солтүстікте I аймақтың екінші бөлігімен, шығысында IV аймақпен, оңтүстігінде II аймақпен шекараласады.

IV аймақ - резервтегі аймақ.

Шекарасы: Аймақ батысында I аймақтың екінші бөлігімен және III аймақпен, солтүстігінде Ақшұқыр ауылдық және Сайын Шапағатов ауылдық округтерінің жерлерімен, оңтүстігінде II аймақпен, шығысында Мұнайлы ауданының жерлерімен шектеседі.